

Ұлан ауданында тұратын азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 19 сәуірдегі N 135 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 22 мамырда N 5-17-167 тіркелді. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 15 наурыздағы N 655 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 15.03.2013 N 655 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының, 1-тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561 «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 27, 28, 29, 31-баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 «Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығын іске асыру туралы» қаулысының негізінде, Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери

құрамаларының қатарына мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

2. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес аудандық шақыру комиссиясының дербес құрамы құрылсын және бекітілсін.

3. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Ұлан ауданында тұратын азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі бекітілсін.

4. Ауылдық округтер мен кенттер әкімдері, азаматтардың мерзімді әскери қызметке шақырылуын уақтылы және ұйымшылдықпен өткізу үшін:

1) әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтардың шақыру учаскесіне толық және уақтылы келуін қамтамасыз етсін;

2) әскерге шақырушыларды тасымалдау кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттары өкілдерінің алып баруымен жүргізілсін;

3) шақыру комиссияға қажетті құжаттарды дайындау және ұсыну қамтамасыз етілсін.

5. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының «Ұлан ауданының медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорына (Ж.С. Бухатов) төмендегі ұсынылсын:

1) медициналық комиссияның жұмысын, кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылушы ер азаматтардың сапалы куәландыруларының сапасын бақылауға алу;

2) Ұлан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің аудандық медициналық комиссиясын маман-дәрігерлермен, орта дәрігерлік қызметшілермен жинақтау жөнінде шараларын қабылдау.

6. Шығыс Қазақстан облысының ішкі істер департаментінің «Ұлан ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығына (Т.М.

З а к и р ь я н о в) ұ с ы н ы л с ы н :

1) әскери қызметке шақырудан бас тартқандарды іздеу, облыстық жинақтау пунктіне жіберу кезінде шақыру пунктінде тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету;

2) «Ұлан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі аумағында полиция қызметкерінің кезекшілігін ұйымдастыру.

7. «Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы (А.Е. Турганбаев) шақыру кезеңінде әскери қызметке шақырылушы жастармен тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру және шақырылушылардың салтанатты аттануын өткізуге белсене қатысу тапсырылсын.

8. Ұлан ауданы әкімдігінің келесі қаулының күші жойылды деп танылсын:

1) 2011 жылғы 30 наурыздағы № 405 «Ұлан ауданында тұратын азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді

әскери қызметке шақыруды өткізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-17-147 болып, 2011 жылдың 28 сәуірінде тіркелген; «Ұлан таңы» газетінде № 33 (7367) санында 2010 жылдың 21 мамырда жарияланған).

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д. Турсунбаевқа жүктелсін.

10. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлан ауданының әкімі

С. Туленберген

Келісілген:

Аудандық қорғаныс істері жөніндегі
бөлім бастығының міндетін

уақытша атқарушы
2012 жылғы 19 сәуір

Н. Ибраимов

«Ұлан ауданының
медициналық бірлестігі»

КМҚК директоры
2012 жылғы 19 сәуір

Ж. Бухатов

бөлімінің бастығы
2012 жылғы 19 сәуір

Ұлан ауданының ішкі істер
Т. Закирьянов

1 қосымша
Ұлан ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 19 сәуірдегі
№ 135 қаулысымен бекітілген

2012 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру кезіндегі аудандық комиссия ҚҰРАМЫ

Динмухамед Ернисович Турсунбаев	аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы
Нурлан Уразович Ибраимов	қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының міндетін уақытша атқарушы, комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Айгуль Кабдығалиевна Абышева	медициналық комиссия хатшысы, (келісім бойынша)
Комиссия мүшелері:	
Туменбаев Айназар Калибекович	ішкі істер бөлім бастығының орынбасары, (келісім бойынша)
Гаухария Борисовна Лутфуллина	Ұлан аудандық медициналық бірлестігі директорының орынбасары, (келісім бойынша)

1.	Аблакет	50					50			
2.	Азов	10		10						
3.	Айыртау	20						20		
4.	Алмасай	5						5		
5.	Асу-Бұлак	20			20					
6.	Багратион	30		30						
7.	Белогор	7			7					
8.	Бозанбай	20				20				
9.	Гагарин	13	13							
10.	Егінсу	25						25		
11.	Каменка	20	20							
12.	Молодежный	50							50	
13.	Огневка	13			13					
14.	Саратовка	17	17							
15.	Таврия	30	30							
16.	Тарғын	10			10					
17.	Толеген-Тохтаров	10		10						
18.	Өскемен	20	20							
	Барлығы:	370	50	50	50	50	20	50	50	50

Ұ л а н а у д а н ы ә к і м і
аппаратының басшысы Т. Оспанов